

Қазақстан Іскерлік белсенділік индексі

Желтоқсан 2020 жыл

Сурет: Владислав Воднев



Мазмұны

01 Іріктеме туралы ақпарат


02 Бірлестірілген Іскерлік белсенділік индексі экономика бойынша

03 Секторлар бойынша Іскерлік белсенділік индексі

04 Іскерлік белсенділік индексі Қазақстан аймақтары бойынша


05 Басқа мемлекеттердің PMI индексі

06 Бизнес-ахуал индексі



01
Іріктеме туралы ақпарат


2020 жылғы желтоқсандағы респонденттердің саны – ***452 кәсіпорын***.




- *Іскерлік белсенділік индексІ - кәсіпорындардың экономикалық көрсеткіштеріндегі нақты өзгерістер мен олардың болашақтағы өзгерістеріне қатысты сұрақтарға жауаптарының жиынтығын қамтитын құрама индекс.*
- *Қазақстан Ұлттық Банкі ай сайын нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындарға сауалнама жүргізеді*



Респондент - кәсіпорындардың салалық құрамы



Респондент - кәсіпорындардың өлшемдік құрамы






02

Экономика бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)

Экономика бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)



2020 жылғы желтоқсанда нақты сектордағы 452 кәсіпорында жүргізілген ай сайынғы сауалнаманың нәтижелері бойынша іскерлік белсенділік индексі 50 баллдық деңгейге дейін өсуін тоқтатты және 0,4 тармаққа төмендеп, **49,0**-ге жетті (2020 жылғы қараша айында - **49,4**).

Өнеркәсіп саласында индекс **50,3**, құрылыста - **49,5**, қызмет көрсету саласында - **48,0** деңгейінде болды (ағымдағы жылдың қараша айында - сәйкесінше 49,6, 52,5, 48,7).

** Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.*

Экономика бойынша бірлестірілген іскерлік белсенділік индексі – келесі үш сектордың ЖІӨ-дегі жалпы қосылған құн үлесі бойынша салмақтанған мәні

Экономика бойынша ІБИ
49,0

Құрылыс секторы бойынша ІБИ
49,5

Қызмет көрсету секторы бойынша ІБИ
48,0


Өнеркәсіп секторы бойынша ІБИ
50,3



03

Секторлар бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)

Секторлар бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)



** Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.*

Зерттелген секторлардың ішінде іскерлік белсенділіктің өсуі тек **өнеркәсіп** саласында байқалады, мұнда индекс 0,7 тармаққа көтеріліп, жұмыспен қамтылу деңгейінен басқа барлық компоненттердің жақсаруына байланысты **50,3**-ке жетті. 2020 жылдың қаңтар айынан бастап көрсеткіш алғаш рет 50 белгіден асып кетті.

Алайда, құрылыс және қызмет көрсету саласында іскерлік белсенділіктің нашарлауы байқалады. Жаңа тапсырыстар санының және жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуіне байланысты **құрылыс** бірден 3 тармаққа нашарлап, **49,5** құрады (қараша айында - 52,5).

Қызмет көрсету саласында индекс 0,7 тармаққа түсіп, **48,0** деңгейінде қалыптасты, ал жеткізу уақыты сәл қысқарды.

Секторлар бойынша Іскерлік белсенділік кәсіпорындардың келесі көрсеткіштерінің өзгерістерінің жиынтығы ретінде есептеледі

Өнеркәсіп секторы бойынша ІБИ


- Тауарлық-материалдық қорлар
- Жаңа өнім
- Жеткізу мерзімі
- Жұмыспен қамту деңгейі
- Жаңа тапсырыстар
- Іскерлік белсенділік

Құрылыс секторындағы ІБИ


Қызмет көрсету секторындағы ІБИ

04 Қазақстан аймақтары бойынша Іскерлік белсенділік индексі

2020 жылғы желтоқсандағы аймақтар бойынша ІБИ



2020 жылдың қазан қараша - желтоқсандағы ІБИ динамикасы




Қазақстан аймақтары бойынша кәсіпорындардың іскерлік белсенділігінің жақсаруы Қостанай 6,7 тармаққа (**62,9**), Маңғыстау 3,1 тармаққа (**50,5**), және Шығыс Қазақстан 1,3 тармаққа (**49,6**) облыстарында орын алды. Іскерлік белсенділіктің нашарлауы көбінесе Ақтөбе 6,4 тармаққа (**41,7**), Батыс Қазақстан 5,5 тармаққа (**42,5**), Солтүстік Қазақстан 3,3 тармаққа (**51,4**) және Түркістан байқалады 3,3 тармаққа (**49,8**) облыстарында байқалды.



05

Басқа мемлекеттердің PMI индексі

Басқа мемлекеттердің PMI индексі




11.01.2021ж. мәліметтер
Дереккөз: G20 елдер шеңберіндегі өнеркәсіп саласындағы PMI
https://tradingeconomics.com/forecast/manufacturing-pmi?continent=g20, Қазастан бойынша ІБИ




06

Бизнес-ахуал индексі (БАИ)


Бизнес-ахуал индексі (БАИ)



Кәсіпорындарға жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері бизнес ахуалдың жақсаруының жалғасуын көрсетеді, Қазақстан экономикасы үшін бизнес ахуал индексі (БАИ) 2,9 тармаққа өсіп, **4,2** құрады.




БАИ оң динамикасы барлық қарастырылып отырған салалардағы көрсеткіштің жақсаруымен байланысты. Ең үлкен өсім қызмет көрсету саласында байқалады, мұнда БАИ **4,8** тармаққа көтеріліп, **5,9**-ға жетті. Өнеркәсіп саласында БАИ **2,6**-да, құрылыста 0,3-те қалыптасты.



Зерттелетін секторлардың кәсіпорындары 2020 жылдың желтоқсан айында ағымдағы бизнестің жағдайын қараша айға қарағанда оң бағалады, бағалаудың теріс мәні **(-)1,5** деңгейіне дейін төмендеді. Бұл, ең алдымен, қызмет көрсету саласы кәсіпорындарының оң бағаларының көбеюіне байланысты болды.

2021 жылғы қаңтар айға нақты сектордағы кәсіпорындардың іскерлік күтулері айтарлықтай өсті және **10,1** құрады.

**Бизнес-ахуал индексі ағымдағы айдағы және келесі айдағы күтілетін бизнес жағдайының өзгеруі туралы сұрақтарға берілген оң немесе теріс жауаптардың арасындағы айырмасы ретінде есептеледі. Кәсіпорындар қаржы / несие, инфрақұрылым, құқықтық мәселелер, салық ауыртпалығы, тексерулер, айыппұлдар және т.б. жағдайларды бағалайды.*



Сурет: Владислав Воднев

Әдіснамалық түсініктеме

- ✓ Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындардың ай сайынғы сауалнама нәтижелері бойынша дайындалған;
- ✓ Іскерлік белсенділік индексін есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) қолданылады. Ол оң жауаптар мен қалыпты жауаптардың жартысының қосындысы ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпы индикатор болып табылады;
- ✓ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордан тазартылған;
- ✓ Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазарту пен ЖІӨ-ді қайта қарау есебінен өзгерістер болуы мүмкін.
- ✓ Бизнес - ахуал индексін есептеу үшін жауаптар балансы қолданылады. Жауаптар балансы ағымдағы айдағы және болашақ айдағы күтілетін бизнес жағдайының өзгерістері жайлы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық.

$$\text{БАИ}^* = \sqrt{(\text{ЖБ(АЖ)} + 200) * (\text{ЖБ(БЖ)} + 200)} - 200$$

ЖБ – жауаптар балансы
АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай
БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай

** CESifo (Германия) бизнес – ахуалды бағалау әдіснамасына сәйкес*

Ақша – кредит саясаты департаменті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ